

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ІЛІМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ИСЛАМТАНУ КАФЕДРАСЫ



**2025 жылы қабылданғандар үшін
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Білім беру саласының коды және классификациясы: 7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 7M022 Гуманитарлық ғылымдар

Бағдарлама атауы: 7M02201-Исламтану

Бағдарлама деңгейі: магистратура 7 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/СБШ (Салалық біліктілік шеңбері)/ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

Берілетін дәреже: «7M02201-Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім магистрі



Кредиттердің жалпы көлемі: 120 кредит / 120 ECTS

Оқу мерзімі: 2 жыл



АЛМАТЫ, 2025

Білім беру бағдарламасын әзірлеу және сараптау бойынша жұмыс тобы

Әзірлеушілер:

Аты-жөні	Қызметі, дәрежесі	Қолы
Анарбаев Н.С.	PhD доктор, кафедра меңгерушісі	
Илесбеков Б.	Магистр, аға оқытушы	
Аманқұлов Х.	ҚМДБ Діни білім және кадр даярлау бөлімі (Жұмыс беруші өкілі)	
Жакуден Ә.	Білім алушы	

Сарапшылар:

Аты-жөні	Қызметі, дәрежесі	Қолы
Мухаева Б.А.	Академиялық мәселелер департаментінің директоры	
Қиқымов Н..	Алматы облысы дін істері жөніндегі басқармасының басшысы	
Әділбаева Ш.	PhD доктор, қауым. профессор, сапа менеджменті бөлімінің меңгерушісі	
Мухитдинов Р.С.	Фил.ғ.к., аға оқытушы	

Білім беру бағдарламасы исламтану кафедрасында әзірленіп, кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 1 «28» 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі Н.С. Анарбаев 

Ислам ілімдері факультет кеңесінде талқыланып, мақұлданды.

Хаттама № 1 «29» 08 2025 ж.

Факультет деканы Мухаммад Уирдани 

Университеттің академиялық комитет кеңесінде келісілді.

Хаттама № 1 «29» 08 20 ж.

Академиялық комитет хатшысы М.А. Жолмағанбетова 

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 1 «29» 08 2025 ж.

ИСЛАМТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері

«Исламтану» білім беру бағдарламасы бәсекеге қабілетті, төзімділік ұстанымдарынан хабардар, білікті, ғылыми исламтанулық мәдениеттің және діни сананың жоғары деңгейіне ие, исламтану саласында бекем білімге ие мамандарды дайындауды қамтамасыз ете отырып, кәсіби тілде өндірістік міндеттерді қалыптастырып, заманауи технологияларды қолдана отырып олардың шешімін табуға бағыттайды. Бұл білім беру бағдарламасы бәсекеге қабілетті, заманауи талаптарға сай жоғары білімге ие мамандар корпусын қалыптастырып, магистранттарда жалпы адамзатқа ортақ, рухани құндылықтардың қалыптасып, орнығуына және магистранттардың поликонфессионалды қоғамды құруға, ондағы тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға саналы түрде атсалысуына үлес қосуға негізделеді.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша магистр дәрежесін алған ізденуші практикалық және ғылыми зерттеулер жүргізу, діни зерттеулер және талдау, мониторинг, медиация, ЖОО-да, медресе-колледждерде оқытушылық және ғылыми зерттеу институттары мен орталықтарда ғылыми қызметкер секілді қызметтерді атқару құзіреттілігіне ие болады. ҚР ЖОО, ғылыми зерттеу институттары мен орталықтарында, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚМДБ-да өзінің кәсіби қызметін жалғастыра алады. Заманауи білім беру саласындағы инновациялық технологияларды қолдана отырып, оқыту процесінде белгілі нәтижеге қол жеткізу үшін әр алуан әдіс-тәсілдер мен методикаларды қолдана алатын оқытушы әрі мемлекеттік грант негізінде қабылданған ғылыми жобаларда ғылыми қызметін атқара алады.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

«Исламтану» білім беру бағдарламасының мақсаты: Исламтану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуға қабілетті, қазіргі қоғамның түрлі салаларындағы исламдық ұстанымдардың, идеялардың, символдардың, институттардың және жеке тәжірибенің рөлін анықтай алатын, исламның маңыздылығын талдай алатын мамандарды даярлау.

Негізгі құзіреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынадай негізгі құзіреттіліктерді меңгеріп шығады:

- (НҚ1) Исламтану саласы бойынша қоғамдық әрі жеке тұлғалық құндылықтары бар мәселелерді талдау;
- (НҚ2) Исламтану саласы бойынша конференцияларға, дөнгелек үстелдерге, лекция семинарларға өз бетінше баяндама дайындауға;
- (НҚ3) Оқу үдерісіне арналған оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарды өз бетінше қолдана білу;
- (НҚ4) Қоғамдық-ақпараттық қызметтерді атқару;
- (НҚ5) Исламтану саласында кәсіби дәйектеу мен түрлі пікірлердің логикалық сараптамасын жасай алу;
- (НҚ6) Исламтанулық ғылым мен зерттеу жолдарын тәжірибе жүзінде қолдануға;
- (НҚ7) Теоретикалық исламдық білімді және ғылыми педогогикалық зерттеу әдістерін тәжірибеде қолдану;
- (НҚ8) Өз қызметтік саласы бойынша нормативтік құқықтық құжаттарды емін еркін қолдану.

«7М02201-Исламтану» оқыту нәтижелерін «Дін саласындағы қызмет» кәсіптік стандарты арақатынасы				
Оқыту нәтижелері (ОН)	Еңбек функциясы	Дағдылары	Білімдері	Жеке құзыреттілік
(ОН1) Қазіргі қоғамдағы дінтанулық мәселелердің ерекшеліктерін айқындай алу; қазіргі ағымдар мен бағыттардың діни дүниетанымын салыстыру, исламдағы ағымдар мен бағыттарды – діни білімде жүйелеу; (ОН2) Жалпы гуманитарлық зерттеулердің теориялық-методологиялық принциптерін үйрете отырып, нақты дінтанулық мәселелерді сауатты пайымдау; қазіргі дінтанулық зерттеу бағыттарын қалыптастыру мен классификациялау; (ОН3) Іскерлік катынаста қазіргі коммуникативті технология мен психологиялық техниканы меңгеру; басшының тұлғалық және басқарушылық ресурстарын дамытуды жоспарлау; (ОН4) Ғылым дамуында пәнаралық мәселелерге талдау жасау, сыни ойлау. Ғылыми зерттеу жүргізудің қажетті әдістері мен әдіснамасын тандай білу және негіздеу; (ОН5) Монотеистік діндердегі антропологиялық концепцияларды талдау.); (ОН6) Қасиетті кітап мәтіндерін аударып түсіну, салыстыру. Араб және ағылшын тілдеріндегі мәтіндерді аударма жасау барысында лексикографиялық мәселелерді талдау, дінтану саласындағы классикалық және қазіргі замандағы	Еңбек функциясы 1: Ғылыми-зерттеушілік қызметті жүзеге асыру	Дағды 1: Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғылыми есептер мен ұсыныстарды әзірлеу Машықтар: - Заманауи әдістемелерді қолдана отырып, Құран, хадис және басқа да негізгі исламдық мәтіндерге егжей-тегжейлі ғылыми сарапшылық талдау жасау; - Ислам мәдениеті, діні, тарихы мен құқығының әртүрлі аспектілері бойынша терең зерттеулер жүргізу; - Исламтану мәселелеріне арналған ғылыми конференциялар, симпозиумдар мен семинарларды ұйымдастыру және оларға қатысу; - Зерттеу мақсатына сай әдістерді дұрыс таңдай алу және қолдана алу; - Далалық зерттеулер жүргізу; - Исламтану зерттеулеріне әртүрлі пәндерден (әлеуметтану, саясаттану, философия, құқық) білім мен әдістерді интеграциялау.	Білімдер: - Араб және басқа да исламды зерттеуге маңызды тілдер; - Ғылыми зерттеу әдістемесі, исламтану саласындағы әдіс-тәсілдер; - ҚР Ғылым саласындағы заңнамалар мен мемлекеттік бағдарламалар; - Ислам теологиясының негізі; - Ислам философиясы; - Ислам құқығы, ислам тарихы; - Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария ережелері, өрт қауіпсіздігі талаптары.	Жеке құзыреттілік
	Еңбек функциясы 2: Педагогикалық қызметті жүзеге асыру	Дағды 1: Ғылыми жарияланымдарды әзірлеу және редакциялау Машықтар: - Жүргізілген зерттеулер негізінде ғылыми монографиялар, мақалалар мен баяндамалар жазу және басып шығару; - Мамандандырылған журналдар мен баспаларда ғылыми мақалалар мен монографияларды жариялау.	Білімдер: - Ғылыми еңбектерді жазу тәртібі мен ережелері; - Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік - санитария ережелері, өрт қауіпсіздігі талаптары.	Жеке құзыреттілік
	Еңбек функциясы 2: Педагогикалық қызметті жүзеге асыру	Дағды 1: Оқу-әдістемелік жұмыстарын жасау Машықтар: Білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, ислам теологиясы, құқығы, тарихы мен мәдениеті	Білімдер: - ҚР Білім саласындағы заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілер; - Жоғары мектеп педагогикасының ерекшеліктері мен әдістемелері;	Жеке құзыреттілік

ғылыми мәтіндердің терминологиясын, концептілерін түсіну; (ОН7) Дін және қоғамдық өмірдің негізгі салалары – құқық, экономика, әлеуметтік қатынастармен өзара байланысын тұжырымдау; (ОН8) Құранның негізгі тақырыптары, Құран ілімдерінің тарихы, Құранға қатысты сын-пікірлер, ориенталистердің тұжырымдарына талдау жасау, жүйелеу. (ОН9) Заманауи педагогикалық әдістерді және сандық техниканы қолдану. Оқу процесінің мәні мен негізгі қызметіне мазмұнды талдау жасау.		бойынша оқу-әдістемелік материалдарын әзірлеу; 2. Білім беру үдерісіндегі қазіргі заманғы технологияларды қолдану; 3. Коммуникациялық құзыреттерді игеруі, дәлелдеудің теориясы, логикасы мен практикасын меңгеру; 4. Күрделі діни, тарихи және мәдени ұғымдарды анық және түсінікті етіп жеткізу. Дағды 2: Тәрбиелеу және ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл Машықтар: 1. Дипломдық жұмыстарды жазу бойынша жетекшілік ету, студенттердің ғылыми жұмысы мен мансаптық өсуіне кеңес беру; 2. Оқу семинарларын, шеберлік сыныптарын және басқа да танымдық іс-шараларды өткізу; 3. Білім алушылармен, әріптестермен және әкімшілік қызметкерлермен тиімді қарым-қатынас жасау; 4. Білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына қолайлы академиялық атмосфераны сақтауға ықпал ету.	3. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария ережелері, өрт қауіпсіздігі талаптары. Білімдер: 1. ҚР Білім саласындағы заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілер; 2. Жоғары мектеп педагогикасының ерекшеліктері мен әдістемелері; 3. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария ережелері, өрт қауіпсіздігі талаптары.
Еңбек функциясы 3: Консультациялық көмек көрсету		Дағды 1: Ислам дініне қатысты сұрақтар бойынша консультация беру Машықтар: 1. Мемлекеттік және жеке ұйымдарға ислам құқығы (фикх), этика және діни тәжірибе мәселелері бойынша сараптамалық кеңес беру; 2. Исламдық қауымдастықтар мен әдет-ғұрыптарға қатысты заңнамалық және нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу; 3. Дінаралық және мәдениетаралық қатығыстарда медиатор ретінде әрекет ету; 4. Дінтану сараптамасын жүргізу.	Білімдер: 1. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы; 2. Діни мәтіндер, ғұрыптар мен дәстүрлер; 3. Діни құбылыстарды зерттеудің әдіснамасы; 4. Исламдық фикх және ислам этикасы; 5. Жалпы, тұлға психологиясы; 6. Дінтану сараптамасын жүргізу қағидалары; 7. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария ережелері, өрт қауіпсіздігі талаптары.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын күзiреттiлiктер	Оқыту әдiстерi
Ғылым тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық	Ғылым тарихы және философиясы	Осы пәнді игеріп шыққан білім алушы ғылым философия саласындағы заманауи мәселелердің шешімдерін таба алады; әлеуметтік-мәдени контекстегі және оның тарихи дамуындағы ғылымның мәнін ашып түсіндіре алады. Аталған пән бойынша студент ғылым тарихы философиясының қалыптасу кезеңдерін үйренеді. Сондай-ақ философия тарихындағы ғылыми жаңалықтармен, өркениеттермен, мәдениеттерімен қоғамды таныстыра алады; Нәтижесінде аталған пән арқылы философия мен діннің, дін мен мемлекеттің арақатынасын аражігін ажырата алады;	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
	Шетел тілі (кәсіби)	Аталған пәнді оқу арқылы магистрант шетел тілінде ғылыми мақала жазуға, шет тілінде жазылған мәліметтерді пайдалануға күзiреттi болады. Ауызша және жазбаша кәсіби бағытталған мәтіндердің функционалды ерекшеліктерін түсіндіре алады. Кәсіби қарым-қатынаста қабылданған құжат жүргізудің негіздерін практикалық түрде күзiреттi болады. Шетел тілдегі конференцияларға қатысып баяндама жасай алады.	Білім алушыларды оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын оқыту әдісі студенттердің оқыту үдерісінде күзiреттiлікті қалыптастыруға бағытталған оқыту әдістері.
	Жоғары мектептің педагогикасы	Жоғарғы оқу орындарындағы талап етілетін педагогикалық шеберліктің қырларын, тәсілдерін практикалық тұрғыда жүзеге асыра алады. Жоғары мектеп мекемелерінде сабақ берудің талаптарымен танысып, іс жүзінде талаптарға сай болады. Педагогика пәннің әдістеріне сәйкес сабақ жүргізе алады. Педагогика пәні бойынша өз өзін дамытып жоғарғы талапқа сәйкес семинарларға қатыса алады.	Білім алушылардың педагогикалық шеберлігін, ұстанымдарын қалыптастырып, қажетінше бағыт-бағдар ұсынуға негізделген әдіс-тәсілдер қолданылады.
	Педагогикалық практика	Педагогикалық практика барысында магистрант теориялық білімін практикамен ұштастыра біледі. Педагогтық саланың қыр-сырымен	Педагогикалық шеберлікті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.

		танысып шиеліністерін шеше біледі. Сонымен қатар замануа әрі тиімді оқыту әдістерін қолдануды іс-жүзінде көрсете біледі. Іс тәжірибе барысында педагогикалық біліктілігін арттырып, өзін ары қарай дамыта алатындай болады.	
	Басқару психологиясы	Курсты сәтті аяқтаған білім алушы басқаруды ұйымдастырудың психологиялық үрдістерін қолдана алады. Тиімді басқару арқылы мақсат етілген нәтижеге қол жеткізеді. Адам биологиялық, әлеуметтік факторлардың және тәрбие жұмыстарының туындысы ретінде қарастырылып, олардың ерекшеліктері туралы білімді жетілдіріп меңгеру. Студенттерді емін-еркін басқару нәтижесінде студенттердің арасындағы мәселелерді шеше алады.	Пәнді жүргізуде интерактивті тәсілдер (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
Монотеизм ,ақида және тәпсір	Иләһи діндер / Қазіргі исламтанулық мәселелер	Адамзат тарихындағы әр алуан діндердің ішінен иләһи діндерді ажырата алады. Иләһи діндердің әрқайсысының пайғамбарларымен, қасиетті кітаптарымен, негізгі концепцияларына талдау жасай алады. Бұл пәнде салыстырмалы түрде сипаттама бере алу құзіреттілігіне ие болады.Әлемдік діндерден хабардар болады дінтану пәнінің қандай мәселені қамтитынын, міндеттерін білу, терминдерін түсіну. Осы мәселелерде исламның ерекшеліктері мен абзалдық жақтарын түсіндіре білу.	Білім алушының жеке сұраныстарына көңіл бөлу, психологиялық және педагогикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында бағыттау, практикалық баулу іске асырылады.
	Тәпсір бағыттары мен әдіснамасы / Құранның жалпы мақсатын түсіну	Тәпсір бағыттары мен әдіснамасы пәнінде жалпы Құран тәпсірлерінің негізгі мақсаттары мен осы саладағы тәпсір ғалымдарының әдіс-тәсілдерін негізге алады. Құранның жалпы мақсатын түсіну арқылы сенім негіздерін, исламдағы ахлақ, шариғат үкімдерін, құрандағы қиссалар мен оқиғалардың мәні мен адамға берер пайдасын баяндайды.	Пәнді оқыту барысында тарихи-салыстырмалы және талдау әдісі арқылы Құран Кәрімді тәпсірлеудің ережелері оқытылып, пәннің интерактивті формалары қолданылады. Сол арқылы тәлімгерлердің сыни ойлау қабілеті мен шартты қабілеттері қалыптасады.
	Ақида саласы бойынша тақырыптық зерттеу / Құран мен сүннет фикһы	Магистранттарды формалды ақиданың негізгі қағидаларымен, логикалық ойлау дағдысы және қабілетіне, қоршаған ортаны (әлемді) ғылыми тұрғыдан қарастыру мен	Логиканың негізгі қағидаларымен, логикалық ойлау дағдысы және қабілетіне, қоршаған ортаны (әлемді) ғылыми

		түсінуде тәжірибелік қолдануға, сондай-ақ ғылыми әдістерді кәсіби жұмысқа қолдануға оқыту (үйрету). Ақида ілімінің заңдарды, теориялық курстың негізгі қағидаларын Талқылау барысында, практикалық әрекетте студенттер логика заңдарын, әдістерін және операцияларын қолдана біледі. Ақида пәні бойынша түсініктемелер мен тұжырымдамаларды игеру. Қазіргі таңда орын алған проблемалардың шешімін тауып, ғылыми сараптама жасай отырып нақты тұжырым жасай алу.	тұрғыдан қарастыру мен түсінуде тәжірибелік қолдануға, сондай-ақ ғылыми әдістерді кәсіби жұмысқа қолдануға оқыту.
Зерттеу және шариғи мақсаттар	Ғылыми зерттеу мәселелері	Пәнді толық игерген білімгер ғылыми зерттеу жүргізу терминологиясын, әдістерін және жоба жасау қабілеттеріне ие болады. Сонымен қатар ғылыми зерттеу әдістері мен жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастырып, ғылыми үдерістерге қажетті сараптамалық материалдарды дайындап және олардың нәтижесіне баға бере алады. Студенттердің ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасай алады. Студенттердің диссертациялық жұмыстарына бағыт бағдар құзреттілігіне ие болады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданылады (және де магистранттардың кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
	Зерттеу практикасы	Магистранттың зерттеу практикасы кезінде ғылыми-зерттеу орталықтарында сараптама, аударма, мақала жазу тәсілдерін атқара білу. Қоғамдағы өзекті мәселелер төңірегінде зерттеулер жүргізеді. Сонымен қатар зерттеу практикасы барысында ғылыми стильді қолдана біледі. Ислам тану пәндерінің жан-жақты іске асыру құзреттілігіне ие болады.	Зерттеу орталықтары мен мекемелеріне білімгерлерді бағыттау арқылы олардың ғылыми потенциалын көтеруді мақсат еткен іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.
	Шариғат мақсаттары	Аталған пән бойынша магистрант ислам шариғатының басты бес мақсатын, харам мен халал принциптерін үйрете алады. Сонымен қатар олардың әрбірінің негізін діни мәтіндермен қуаттай алады. Жаңашыл қоғамда әр алуан жағдаяттарда шариғат мақсаттарына сай үкім шығару құзреттілігіне ие болады. Әртүрлі діни жүйелерді үйреніп саясаттарына сараптау жасай білу.	Курсты жүргізуде пікір алмасу, семинар, – пікір таластыру, топпен жұмыс істеу, тестілеу, анкеталық сауалнама, интерактивті әдістер қолдану арқылы, мақсатты нәтижелерге қол жеткізіледі.

Фикһ, ориентализм және экономика	Ислам құқығындағы басымдылық мәселелері / Құран аяттарын түсіну әдіс-тәсілдері	Аталған пәнде ислам құқығының басты ерекшеліктерінің бірі әрі ислам құқығының қоғам мен адам игілігіне бағытталғандығын көрсететін ислам құқығындағы басымдылық өлшемдері оқытылады. Құран аяттарын түсіну әдіс-тәсілдері қоғамда орын алған қандай да бір жағдаяттар мен мәселелерге қатысты берілген шариғи үкімдер мен тұжырымдарды саралап әрі талдай отырып, олардың арасынан қоғам, адам және дін мүддесіне пайдасы ең басым әрі лайықты болғанына таңдау жасайды.	Пәнді оқыту барысында тарихи-салыстырмалы және талдау әдісі арқылы қоғамда орын алған жағдаяттар мен оқиғаларға қатысты әр алуан шариғи үкімдерді саралай отырып, солардың арасынан қоғам мен тұлға және шариғат мүддесіне ең лайықтысына таңдай жасау күзінеттілігіне ие болады.
	Фикһ қағидалары мен теориялары / Мәзһабтар арасындағы фикһи мәселелер	Аталған пән бойынша магистрант пайғамбар сүннетінің шариғат пен Құран алдындағы мақсатын түсінеді. Сонымен қатар сүннеттің Құран алдындағы функцияларын орындату. Фикһтың шариғат алдындағы дербес функциясын оқып, сол арқылы пайғамбар сүннетінің мақсатын түсіне алады. Хадис Шариғке жазылған тәпсірлерден керекті тақырыпқа байланысты мағлұматтарды шығара білу	Пәнді оқыту барысында тарихи және тарихи-салыстырмалы, индукция және дедукция, аналитикалық әдістер қолданылады.
	Ориентализм негіздері мен әдіс-тәсілдері / Ижтиһад және пәтуә шығару	Аталған пән бойынша магистрант ориентализмнің шығу тарихы мен мақсатын таныстыра алады. Сонымен қатар ориентализмнің даму кезеңдері мен ислам дініне тигізген әсерін біліп негізгі ойларына жауап бере алады. Ижтиһад және пәтуә шығаруы ислам дінінің қайнарлары төңірегінде жасаған зерттеулеріне объективті талдау жасау күзінеттілігіне ие болады. Ориентализмнің мақсаты мен міндетін толыққанды үйрену.Аталған пән бойынша алған мәліметтерін қорытып, салыстырмалы түрде анализ жасай білу.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында оқытудың белсенді және интерактивті формалары және демонстрация, иллюстрация және бақылау тәсілдері қолданылады.
	Исламда қаржы жүйесі/ Исламдағы банкинг	Аталған пән бойынша ақида саласындағы бұрын және кейін жазылған классикалық еңбектермен танысып, олардың әрқайсысының жазылу әдіс-тәсілдері мен қозғаған мәселелерін үйреніп, оларға тарихи-салыстырмалы әдісті қолдану арқылы анализдік талдау жасау күзінеттілігіне ие болады.	Ақида саласында жазылған көне және соңғы ғасырларда жазылған классикалық еңбектерді тарихи, салыстырмалы, анализдік әдістерді қолдана отырып оқиды.

		Бұл пәнде қаржылық салыстыра отырып ұтымды әрі лайықты үкімдерді шығару құзреттілігі. Мәтінді зерттеу барысында түсініктемесіндегі қателіктері мен келіспеушіліктерді анықтау құзреттілігіне ие болады. Ақида мәтіндерінің ішінен қоғам талабына сәйкес келетінін анықтай алу.	
	Пәтуә шығару негізі мен әдебі	Аталған пәнде пәтуә шығару қағидалары мен негіздері оқытылады. Қандай да бір жағдаяттар мен мәселелерге қатысты берілген шариғи үкімдер мен тұжырымдарды саралап әрі талдауда сақталу керек болған әдептермен танысып, олардың арасынан қоғам, адам және дін мүддесіне пайдасы ең басым әрі лайықты болғанына таңдап пәтуә беруді үйренеді.	Пәнді оқыту барысында тарихи-салыстырмалы және талдау әдісі арқылы қоғамда орын алған жағдаяттар мен оқиғаларға қатысты әр алуан шариғи үкімдерді саралай отырып, солардың арасынан қоғам мен тұлға және шариғат мүддесіне ең лайықтысына таңдау жасау құзіреттілігіне ие болады.
Хадис және басқару жүйесі	Үкім хадистерінің түсіндірмелері / Хадис іліміндегі мәтін және санад зерттеулері	Бұл пәнде шариғаттағы үкім хадистерінің мәні мен маңыздылығы, олардың пайғамбар тарапынан айтылу себептері баяндалады. Сонымен қатар үкім хадистерінен алынатын үкімдерді орын алған жағдаяттар мен оқиғаларға, мәселелерге қарай қолдана біледі. Шариғат үкімдерінің хадистен қалай шығатындығын, көзқарастар мен дәлелдер туралы нақты мәліметтер бере алады. Хадиске жазылған тәпсірлерден керекті тақырыпқа байланысты мәліметтерді шығарады.	Аталған пәнді оқыту барысында тарихи-талдау, салыстырмалы және герменевтикалық әдістер қолданылады. Сол арқылы магистрант ислам ғалымдарының шариғаттағы үкім хадистеріне қатысты берген түсіндірмелерін талдап әрі саралап, олардан түйін жасау қабілетіне ие болады.
	Ислам шариғатындағы заманауий мәселелері / Қазылық және үкім шығару	Исламның фикһ саласындағы заманауи медициналық мәселелермен танысып, соларға ұқсас мәселелерде үкім бере алады. Сондай-ақ аталған мәселелердің шешу барысында шариғат шеңберінен шықпай, тиімді үкім шығара алады. Негізгі дәлелдерге сүйене отырып қоғам мен заманның өзгеруіне сай туындаған мәселелерге жауап беру. Қоғамда туындаған күрделі сұрақтарға жауап беру. Қазіргі замандағы фикһ мәселелеріне қолданылған дәлелдердің құжаттық күшін жеткізе білу.	Пәнді оқытуда мәселеге бағытталған оқыту әдісіне басымдылық беріледі және сонымен қатар дуалды білім беру технологиясы қолданылады.

	Исламдағы басқару жүйесі / Исламдағы логикалық әдіс тәсілдері	Білімгер қазіргі заманғы мемлекет және дін қатынасын зерттеу мен талдаудың әдістемелерін игереді. Бұл пәнде қалыптасқан ұғымдар мен тұжырымдарды, көзқарастар мен идеяларды тұжырымдауға қабілетті болады. Пайғамбар, сахабалар және олардан кейінгі кезеңдердегі басқару жүйелеріне тарихи шолу жасайды. Исламдағы басқару жүйесін, негіздері, принциптері мен өзге жүйелермен ұқсастығы мен айырмашылықтарын және өзіне тән ерекшеліктерін меңгереді.	Пәнді жүргізу кезінде білімгердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық сұрақтар, белсенді әдістер қолданылып, оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
Тағлымдам а және ғылыми-зерттеу	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	Тәжірибе алмасу арқылы қалыптасқан жүйені жетілдіруге, толықтыруға қабілетті болады. Магистрлік диссертацияны орындау талаптарымен, кезеңдерімен танысып, жүзеге асыра алады. Тақырыптарына байланысты әр түрлі ылыми еңбектерге талдау жасап, классикалық еңбектермен танысып, кітапханаларға бару арқылы білімін арттырады. Диссертациялық жұмыстары жан-жақты болуын қамтамасыз етеді.	Ғылыми ізденісті жүргізу кезеңінде уақытты тиімді пайдаланып, дереккөздерді қолдануға машықтанады. ғылыми еңбектің мақсаты мен міндетін, жаңалығын, зерттеу әдістерін т.б. меңгереді.
Диссертацияны рәсімдеу және қорғау	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	Диссертацияны рәсімдеу талаптарын меңгереді. Ғылыми ізденісінің нәтижесін ұсынып, өз тұжырымдарын қорғай алу қабілетіне ие болады. Білім беру бағдарламасы барысында игерілген теориялық білім базасы бойынша негізгі мәселелерге қатысты сұрақтарға жауап бере алады. Білім беру бағдарламасы барысында игерілген теориялық білім базасы бойынша негізгі пәндерге қатысты сұрақтарға да жауап бере алады.	Ғылыми-зерттеу жұмыстарына сараптама, талдау жасайды, жіктейді, топтастырады және қорытынды шығарады.

3.2 Білім беру бағдарламасы нәтижелерінің негізгі күзиреттіліктермен сәйкестендірілу матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9
НҚ1	+	+				+		+	
НҚ2			+	+	+		+	+	+
НҚ3		+	+			+		+	+
НҚ4							+	+	
НҚ5	+		+		+		+	+	+
НҚ6			+			+	+		+
НҚ7	+							+	+
НҚ8		+		+			+	+	

НК – негізгі құзіреттіліктер
ОН – оқыту нәтижелері

3.3 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

№	Пән атауы	Пән коды	Цикл және компонент	Қорытынды бақылау	Академиялық кредиттер саны	Оқыту нәтижелері
1 семестр						
1.	Ғылым тарихы және философиясы	GTF 5101	БП/ЖК	Емтихан	5	ОН4
2.	Шетел тілі (кәсіби)	ShT (K) 5102	БП/ЖК	Емтихан	5	ОН6
3.	Басқару психологиясы	BP 5105	БП/ЖК	Емтихан	5	ОН3
4.	Ғылыми зерттеу мәселелері	GZM 5209	БеП/ЖК	Емтихан	5	ОН4 ОН9
5.	Ислам құқығындағы басымдылық мәселелері / Құран аяттарын түсіну әдіс-тәсілдері	IQBM 5212/ QATT 5212	БеП/ТК	Емтихан	5	ОН7
6.	Ориентализм негіздері мен әдіс-тәсілдері / Ижтиһад және пәтуә шығару	ONA 5214/ IZHP 5214	БеП/ТК	Емтихан	5	ОН8
Қорытынды					30	
2 семестр						
1.	Иләһи діндер/ Қазіргі исламтанулық мәселелер	ID 5106 /QIM 5106	БП/ТК	Емтихан	5	ОН5
2.	Тәпсір бағыттары мен әдіснамасы/ Құранның жалпы мақсатын түсіну	TBA 5107 /QZHMT 5107	БП/ТК	Емтихан	5	ОН6
3.	Ақида саласы бойынша тақырыптық зерттеу / Құран мен сүннет фикһы	AQTZ 5108/ QMSF 5108	БП/ТК	Емтихан	5	ОН5 ОН1

4.	Фикһ қағидалары мен теориялары / Мәзһабтар арасындағы фикһи мәселелер	FQT 5213/ MAFM 5213	БеП/ТК	Емтихан	5	ОН7
5.	Ислам шариғатындағы заманауи мәселелер / Қазылық және үкім шығару	ISHZM 5217/ QJUSH 5217	БеП/ТК	Емтихан	5	ОН7 ОН2
6.	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	TOMGZZh	МҒЗЖ	Есеп	5	ОН2 ОН3 ОН9
Қорытынды					30	
3 семестр						
1.	Жоғары мектептің педагогикасы	ZhMP 6103	БП/ЖК	Емтихан	4	ОН2 ОН3 ОН9
2.	Шариғат мақсаттары	ShM 6212	БеП/ЖК	емтихан	5	ОН7
3.	Исламда қаржы жүйесі / Исламдағы банкинг	IsQZH 6215 /IsB 6215	БеП/ТК	емтихан	5	ОН7
4.	Үкім хадистерінің түсіндірмелері / Хадис іліміндегі мәтін және санад зерттеулері	UHT 6216/ HIMSZ 6216	БеП/ТК	емтихан	5	ОН6
5.	Исламдағы басқару жүйесі / Исламдағы логикалық әдіс-тәсілдер	IBZH 6218/ ILAT 6218	БеП/ТК	емтихан	5	ОН2 ОН7
6.	Педагогикалық практика	PP 6104	БП/ЖК	Есеп	1	ОН2 ОН3 ОН9

7.	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	TOMGZZh	МҒЗЖ	Есеп	5	ОН2 ОН3 ОН9
Қорытынды					30	
4 семестр						
1.	Зерттеу практикасы	ZP 6210	Беп/ЖК	Есеп	4	ОН2 ОН3 ОН9
2.	Пәтуә шығару негізі мен әдебі	PShNA 6211	Беп/ЖК	Емтихан	4	ОН1 ОН7
3.	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	TOMGZZh	МҒЗЖ	Есеп	14	ОН2 ОН3 ОН9
4.	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	MDRJQ	КА	емтихан	8	ОН2 ОН3 ОН9
Қорытынды					30	
ЖАЛПЫ БАРЛЫҒЫ					120	